

егемен Қазақстан

Дәуір данышпаны

Әлем ғалымдары Әбу Насыр әл-Фарабидің тегі мен туған жылы және мекені туралы

1975 жылы Алматыда тұңғыш рет қазақ жерінің кеменгер перзенті, отырарлық ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуы ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдер календарына кіргізіліп, үлкен салтанатпен аталып өтті. Оның алдында Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институты жанынан ашылған әл-Фараби ғылыми зерттеу орталығы Отырар ойшылының араб, ағылшын, неміс, француз, чех және т.б. тілдердегі бірқатар шығармаларын дүние жүзінің түкпір-түкпірінен жинап, Алматыда қазақ, орыс тілдеріне аударып жариялады.

Жалпы, Әбу Насыр әл-Фарабиді әлемдік, Кеңес және Орта Азия мен Қазақстан ғалымдары М. Штейншнейдер, Г. Зутер, Ф. Дитерици, А. Решер, Б. Ғафуров, С. Григорян, А. Саға диев, Ю.Завадовский, Ә. Марғұлан, А. Машанов, О. Жәутіков, А. Қасымжанов, Ә. Нысанбаев, Ә. Дербісәлиев, А. Көбесов, М. Бурабаев, Қ. Жарықбаев, М. Хайруллаев, К. Тәжікова және т.б. зерттеді. Олар кезінде жекеленген монографиялар мен аса құнды мақалалар жазды.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған дәуір данышпанының еңбектерін зерттеу елімізде де 70-жылдардан бастап қолға алынды, қарқынды жүрді. Докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғала бастады. Содан бері де біраз жыл өтті. Еліміз егемен болған соң бұл игілікті іске әсіресе кең жол ашылды. Әбу Насыр әл-Фараби атындағы ұлттық университетте ұлы баба шығармашылығын зерттейтін ғылыми орталық құрылды. Олар бірнеше халық аралық және республикалық тағылыми теориялық және практикалық конференциялар өткізді. Мен де бұл істің басы-қасында болып келемін.

Иә, алдағы 2020 жылы Әбу Насырдың туғанына 1150 жыл толмақ. Оны биік деңгейде өткізу туралы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары тиісті мекемелеге ұсыныс жасады. Соған байланысты Сыртқы істер министрлігі Мәдениет және спорт министрлігіне хат жолдап, әуелі Әбу Насырдың дәл туған жылын, туған жерін және ататегін анықтау мәселесін тапсырды. Мәдениет мекемесіндегілер оларды анықтауды Білім және ғылым министрлігіне тапсырды. Ол ұлы ғалым атын алып отырған жоғары оқу орнына және Р.

Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, Философия, саясаттану және дінтану институттарына жүктелді.

Сонымен Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының атынан мен де осы мәселені зерделеуге кірістім.

Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын зерттеуді жаһан ғалымдары (АҚШ, Еуропа, Азия, Африка) күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Ең әуелі мен Әбу Насыр өз шығармаларын туындатқан араб тіліндегі қайнар көздерге үнілдім.

1. Әбу Насыр әл-Фарабидің тегі жайлы араб тілді дерек көздер не дейді?

Ортағасырлық шежіреші, тарихшы ғалымдардан:

- Джамал ад-дин Әбу-л Хасан Әли бин Йусуф әл-Қифти (1172- 1248) «Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан Әбу Насыр әл-Фараби»;

- Ибн Әби Усайбиға (1203- 1270) «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед Узлаг (Ұзлақ, Ұзақ – түркі есімі, араб қаламгерлері және Еуропа ғалымдары да оны бұрмалап жазуы мүмкін – Ә.Д.) бин Тархан»;

- Ибн Халликан (1211-1282) «Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Аузалаг» (Узлағ, яки Ұзақ болуы мүмкін)» деп көрсетсе,

- Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты 1500 беттен тұратын еңбегін де ғалымның аты-жөні: «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби» деп жазылған.

Ал замандасымыз Фарук Саъд Әбу Насырдың өмірі мен шығармашылығына арналған монографиясында оны «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби ат-түркі» деп көрсеткен. Ал өзге ел оқымыстылары ше?

Иран. Ирандық ғалымдар «аттүркі – түркілік» деген сөзді әдетте жазбайды. Өйткені олар Әбу Насыр әл-Фарабиді парсы текті санайды.

Дін қызметінде жүргенде бірде Тегранда өткен халықаралық конференцияға бардым. Арасында әдеттегідей Иранның ұлттық кітапханасында болдым. Кітапхана директоры Иран президентінің мәдениет жөніндегі кеңесшісіде екен. Әңгіме арасында Әбу Насыр әл-Фарабиді қазақ жерінің перзенті деп қалып ем, ол:

- «Әл-Фараби Иран ғалымы» деді. Кітапхананың үлкен залдарының бірі де Әбу Насыр әл-Фараби атымен аталады екен.

Мен Әбу Насырдың қазақ жерінің перзенті екенін дәлелдеуге тырысып едім, ол бастырмалатып өз дәлелін келтіріп, көнбеді.

- Отырар перзентін Иран ғалымы дейтіндей сіздің қандай уәжіңіз бар? дедім.

- «Әбу Насыр Орта Азияны саманидтер билеген кезде өмір сүрген, саманидтер парсылар еді» – деді ол.

Қазақ жерінің оңтүстігі саманидтердің билігінде бар-жоғы 180 жыл ғана болды. Оның өзінде олар тек билік басында ғана тұрды. Ал жергілікті халық түркі тектілер еді дедім мен өз уәжімді айтып. Ортағасырлық араб ғалымдары да Әбу Насыр әл-Фарабиді Арыс өзенінің Сырдария өзеніне құярасындағы Отырар шаһарында туған деген. Отырар кейіннен Фараб аталды. Әбу Насырдың өмірбаяны жайлы ортағасырлық шежіреші Ибн Халликан (1211-1282) біраз дерек қалдырған. Оның еңбегі сіздердің кітапханаларыңызда болса керек. Директор-кеңесші мырза көмекшісіне кітапханадан Ибн Халликанның «Ұлы адамдардың қазасы жайлы кітап» атты еңбегін алдыртты. Қосылып оқыдық. Онда Әбу Насыр Иранда туған деген сөз жоқ еді. Ибн Халликан: «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Аузлаг [Ұзақ] «ал-Фараби, түрік [текті], көрнекті ойшыл (ал-Хахим)...» делінсе, тағы бір жерінде «Әбу Насыр түркі [текті] еді, ол «өз елінде туып, өз елінде өсті... Ол түркі тілін және өзге де тілдерді білді, бірақ араб тілін емес. Араб тілін оқуды бастаған ол, оны кемеліне жеткенше игерді, сонан соң ғана ойшылдық ғылымдар (улум алхикма) жайымен, яғни (философиямен – Ә.Д.) айналысты» деп жазылған. Сөзден ұтылған директор-кеңесші амалсыз үнсіз қалды.

[Абу-л Аббас Шамс ад-дин Ахмед бин Мұхаммед бин Әбу Бакр бин Халликан Уафайат әл-ағйан уа абна аз-заман. Бейрут [жылы көрсетілмеген], 5 том, «Әл-Фараби әл-файласуф» - «әл-Фараби философ», 153-157-беттер].

АҚШ. Әбу Насыр әл-Фараби дің библиографиясына арнаған еңбегінде АҚШ ғалымы Nicholas Rescher оның тегін: «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби»;

Германия. Атақты неміс шығыстанушысы Карл Брокель ман (1868-1956) Отырар ғалымының аты-жөнін «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узалағ әл-Фараби»;

Түркия. Түрік ғалымдары Ismet Binark, Nejat Sefergioglu Отырар ғалымын «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлик әл-Фараби ат-түрки»;

- Тағы бір түрік ғалымы Yasar Aycinli «Әбу Насыр Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби»;

- Түркияның Ислам энциклопедиясында «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби ат-түрки, 258/871- 872 жылы туған деп саналады» деп жазған.

Сонымен Отырар ғалымының тегін көпшілік деректерге жүгіне келе «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби ат-түрки» деп көрсеткенді жөн санауға болады.

2. Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жылы мәселесі:

Өзбекстан. Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жылы туралы мұсылман шығысы және Еуропа ғалымдары арасында шынында да бірізділік жоқ. Олардың зерттеулеріндегі көрсетілген мерзімде 2-3 жылдық айырым бар. Әбу Насыр әл-Фарабиді арнайы зерттеген өзбек ғалымы, академик Мұзафар Хайруллаев: «Год рождения Фараби в различных исследованиях указывается по разному, в советской литературе чаще всего 870» дейді.

Араб тілді дереккөздер ше?

- Сирия Араб Республикасының астанасы Дамаск шаһарының «Баб ас-сағир қабырстанындағы Әбу Насыр зиратында: «Әбу Насыр әл-Фараби атымен көбірек белгілі Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ, [нижраның] 260 жылы [біздің жыл санауымыз бойынша 873 жылы Фараб шаһарында туған, нижраның 339 жылы [950 жылы] қайтыс болды» деп жазылыпты.

Жоғарыда аталған Фаруқ Саъд Әбу Насырдың туған жылын нижраның 259 жылы яғни 870 жыл;

Nicholas Rescher (АҚШ) де Әбу Насырдың туған жылын 870;

Түрік ғалымдары (Түркия) Ismet Binark пен Nejat Sefergioglu Әбу Насырдың туған жылын 870;

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын ұзақ жылдар зерттеген қазақ ғалымы, атақты философ, профессор Х.Қасымжанов (1931-2000) Мәскеуде шыққан «әл-Фараби» атты еңбегінде Әбу Насырдың туған жылын 870 деп көрсеткен.

Бұдан шығатын қорытынды.

Энциклопедист ғалымның тегін: «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби ат-түрки», ал туған жылын нижраның 258, яғни 870 жыл деп көрсеткен жөн.

Әбу Насырдың туған жылын анықтау мәселесі өткен ғасырдың 70-жылдары да көтерілген. Онда ғалымдар мен өкімет орындары ақылдаса келіп, Отырар ойшылының туған жылы 870 деп көрсетуге келіскен. Сөйтіп оның туғанына 1100 жыл болдыға санап, 1975 жылы 1100 жылдығы тойланды. Араб елдері де (Ирак Араб Республикасы және т.б.) осыған келісті.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында жоғарыда айтылғандай, Алматыда әл-Фараби зерттеу орталығы құрылып, Әбу Насыр әл-Фараби еңбектері Еуропа және араб тілінен де орыс, қазақ тіліне аударылғанда, зерттеулер жүргізілгенде Мәскеу және Қазақстан

ғалымдары да Отырар ойшылын «Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби ат-түрки» және туылған мерзімін 870 жыл деп көрсетіп отырды.

Әбу Насырдың туған жері (Фараб) туралы:

Орта ғасырлық араб тілді деректерде Фараб атты (қыстақтың) Өзбекстанда да бар екені айтылады. Өзбекстандағы Фараб Бұхара қаласының батыс жағында, Әму - дарияға жақын жерде. Ал деректердің басым көпшілігінде жоғарыда айтылғандай Әбу Насыр туған Фарабтың Арыс өзенінің Сырдарияға (Сайхун) құяр сағасында екені айтылады. Ғалымдар да осыны мойындайды.

Ал Ауғанстанда да Фараб деген қыстақ бар дегенге келсек, оның аты Фараб емес, Фарйаб. Ол Хорасан өлкесінде.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін шыққан еңбектерде тәжіктер Әбу Насырды Тәжікстанда, өзбектер Өзбекстанда туған деп келді.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап қана Әбу Насыр әлФараби қазақ жеріндегі Отырарда (Фарабта) туған, түркі тайпасынан шыққан ғалым деп жазыла бастады. Бұл ретте Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының директоры, КСРОҒА академигі, тарихшы, ғалым Б. Ғафуров: «Әл-Фарабиді қазақ етіп көрсетуге тырысу да жасанды әрекет болады. Ол заманда ұлт болып бірігу процесі аяқталудан әлі тіпті алыс еді. Сол сияқты оны өзбек деп кесіп айту да әділеттілік бола қояр ма екен? Фактілер негізіне сүйене отырып, әлФараби кейін қазақ халқының құрамына қосылған түркі тайпасынан шыққан..., дей аламыз» деп жазды. Бұған ешкімнің де осы күнге дейін алып қосары болған емес. [Б. Ғафуров. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастары туралы//әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. Алматы 1995, XVIII – бет.].

Алматыдағы Қазақұлттық университеті біраз жылдардан бері Әбу Насырдың бірқатар шығармаларын шығарумен қатар, жыл сайын әл-Фараби оқуларын өткізуді дәстүрге айналдырды.

2006 жылы наурыз айының бірінші онкүндігінде менің жетекшілігіммен, құрамында ҚазМУдің сол жылдардағы ректоры, академик Төлеген Қожамқұлов, Отырар ауданының әкімі Әлімжан Құртаев, «Білім» баспасының директоры жазушы, журналист Ж. Нұсқабаев, Шәуілдірдегі әлФараби музейінің меңгерушісі Абдулла Жұмашев болып Сирия Араб Республикасына аттандық.

Дамаскінің оңтүстік жағындағы «Баб ас-Сағир» қабырстанындағы Әбу Насыр әл-Фарабидің және қазақ жерінің тағы бір перзенті Сұлтан Захир ад-дин Бейбарыс (1287-1277) пен кезінде крест тағушы еуропалық басқыншыларды талқандаған Салах ад-дин әлАийубидің (1138-1193) зияраттарын да да болдық. Елге оралған соң, сапар жайлы мен Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа баяндап бердім. Келесі 2007 жылы 4-7 наурыз аралығында Елбасының Сирияға ресми сапары болды. Онда мен де болдым. Сол жолы Н. Ә. Назарбаев әл-Фараби зиратын ретке келтіру, онда мәдени орталық салу туралы Сирия үкіметімен келісе келе, ол үшін қаражат та бөлдірді. Ол нысанның аяқталғаны туралы мен Сирияның бас мүфтиі доктор Бадр ад-Дин Хассуннан 2012 жылы Уфада Ресей мұсылмандарының құрылтайында бірге болып сұхбаттасқанда естіген едім. Сирияда соғыс тоқтаса, оның ресми түрде ашылатыны сөзсіз.

Сириядағы Әбу Насыр зиратына біз Отырардан арнайы топырақ ала барып, баба зияратына қойдық. Қайтарда ұлы ғалым зиратынан туған жеріне де топырақ ала келдік. Отырарға жиналған жұрт алдында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Болат Жылқышиев Отырарда Әбу Насыр әл-Фарабиге рәмзи кесене салынатынын айтты. Бірақ ол басқа қызметке ауысқан соң орындалмай қалды.

2018 жылдың желтоқсан айының соңында Әбу Насырдың туған жылы, туған жері мәселесін талқылап бір шешімге келу үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, ректор Ғалымқайыр Мұтановтың төрағалығымен Түркия және ҚазҰУ, сондай-ақ Қазақстанның Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, Философия, саясаттану және дінтану институттарының белгілі ғалымдары басқосты. Оған Астанадан арнайы келген Мәдениет және спорт вице-министрі

Ақтоты Райымқұлова да қатысты. Онда ғалымдар Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына байланысты ойларымен бөлісті. Ғалымдар ЮНЕСКО-ға Қазақстан атынан хат жазып, 2020 жылы Алматыда Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуын кеңінен атап өту жайлы ұсынысты қолдады. Мен сол мәжілісте Отырардан өзге де 30-ға жуық ғалым мен ойшыл шыққаны туралы және Әбу Насырға байланысты мәселелерді зерделеп, бас баяндама жасадым. Оны жиналған ғалымдардың бәрі қолдап, менің зерттеулеріме қолдау білдірді.

Қорытынды: Әбу Насыр тек түркі халқы, оның ішінде қазақ жұрты ғана емес, бүкіл ислам өркениетінің, қала берді бүкіл дүние жүзінің мақтанышы, бүкіл адамзатқа ортақ ірі тұлға. Ал енді кемеңгердің қазақ жерінде туылғандығы біз үшін үлкен мақтаныш, сол үшін де біз өзімізді ұлы ғалымның ұрпақтарымыз деп мақтануымыз заңды деп ойлаймын.

Әбсаттар қажы ДЕРБІСЛІ

ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор